



Автор: Мейрманова Нагима Битимбаевна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары

Тақырып: Егін шаруашылығы қалай өзгереді?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	.3.4.4 топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттеу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: топырақтың құнарлылығын құрамына жіктейді. Көптеген оқушылар: топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттейді. Кейбір оқушылар: қазіргі егін шаруашылығынан несімен ерекшеленетінін біледі.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Егін шаруашылығы, селекция. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Адамдар егін шаруашылығымен не үшін айналысады? Қазіргі егін шаруашылығын бұрынғы егін шаруашылығымен салыстырады.
Бағалау критерийлері:	□ топырақтың құнарлылығын құрамына жіктейді. □ топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттейді. □ қазіргі егін шаруашылығынан несімен ерекшеленетінін біледі.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Заттар және олардың қасиеттері. Табиғи ресурстар туралы дүниетану пәнінен алған білімдерін қолданады.
Бастапқы білім:	Оқушылар «табиғи ресурстар» ұғымының мағынасын түсінеді және оларды жіктей алады. Табиғи ресурстардың түрлерін мен көздерін біледі, олардың адам тіршілігіндегі алатын орнын бағалай алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Қызыл өрік» би «Жалаулар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған жалауларын алып, 1,2,3 топтарға бөлініп отырады. 1-топ «Бақыт жалаулары» 2-топ «Арман жалаулары» 3-топ «Қуаныш жалаулары» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Топырақтың құрамында не бар? Топырақтың қасиеттерін ата. Құнарлылық дегеніміз не? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. Адамдар егін шаруашылығымен не үшін айналысады? Қазіргі егін шаруашылығын бұрынғы егін шаруашылығымен салыстырады. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «Көршіңе әңгімелеп бер» Бұл әдіс оқушылар өз ойларындауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Сұрақ қойыңыз, ойластыруға уақыт беріңіз, одан кейін оқушылардан өз ойларын көршілерімен бөлісуді сұраңыз, оқушыларға жаңа тақырыпты айтыңыз және осы тақырып бойынша өздері білетін барлық жағдайды көршісіне айтуын ұсыныңыз. Дескриптор: □ топырақтың құнарлылығын құрамына жіктейді. □ топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттейді. □ қазіргі егін шаруашылығынан несімен ерекшеленетінін біледі. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау Зертте. Оқушыларды жұптарға немесе шағын топтарға біріктіріңіз. Әр топқа қажетті ресурстар (түрлі көгеністер, жеміс-жидектер, жармалар салынған стақандар) дайындаңыз. Егін шаруашылығының салалары туралы оқулықтағы мәтінді оқуды тапсырыңыз. Зерттеу жүргізуге арналған нұсқаулық: • Зерттеушінің қойындәптеріне үш бағаны бар кесте салу. Бағандарды «көгеніс шаруашылығы», «бау-бақша шаруашылығы», «астық шаруашылығы» деп атаңыз. • Берілген ұрықтардан көгеністерді таңдау. • Олардың аттарын бірінші бағанға жазу. • Берілген ұрықтардан бақшада өсетіндерін таңдау. • Олардың аттарын екінші бағанға жазу. • Берілген ұрықтардан дәнді дақылдарды таңдау. • Қорытындыны зерттеушінің блокнотына жазу. Зерттеу нәтижелерін сыныппен бірге талқылаңыз. Оқушылар егін шаруашылығының әр түрі белгілі бір дақылдарды өсірумен айналысады деген қорытындыға келуі керек, ал кейбір оқушылар көгеністер бақшада, жемістер-жидектер бақта, дәнді дақылдар егістікте өсетінін айтуы мүмкін.	
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгенен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады.	
Рефлексия	(ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) «Алма ағашы» кері байланыс.	